

Муסיнова Гульмира Султангазыевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша

## П І К І Р І

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі;</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Диссертациялық жұмыс әдебиеттану ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді:</p> <p>7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер атты ғылым дамуы басым бағытының;</p> <p>7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы;</p> <p>7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары атты мамандандырылған ғылыми бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>8. «Әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер»: Жұмыс білім және ғылымның негізгі тенденцияларына сәйкес жүргізілді. Алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының әдебиет пәні бойынша қазіргі қазақ әдебиеті курстарында, өлең теориясы мен практикасы, қазіргі қазақ прозасы пәндерін оқыту барысында қолдана алады.</p>	

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация ғылымға елеулі үлес қосады. Көркем әдебиеттегі Семей сынақ полигоны тақырыбы - диссертациялық деңгейде зерттелмеген тың тақырып. Ғылыми еңбек белгілі бір мөлшерде осы олқылықтың орнын толтырады. Жұмыстың маңыздылығы дәлелденген: жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы толыққанды көрсетілген, Семей қасіретінің қазақ әдебиетіндегі тақырыптық-жанрлық ерекшеліктері жіктеліп, көркемдік сипаты сараланып талданған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың автордың өзі жазуы деңгейі жоғары, өйткені зерттеу тақырыбы бойынша көлемді теориялық әдебиеттер қарастырылып, сыни талдау жасалды. Жаңа тақырыпты талдау арқылы проблемалық мәселелерді шешудің жолдары ұсынылған. Зерттеу объектісі – бұған дейін зерттелмеген тақырып. Жұмыстың жоғары деңгейдегі дербестігін Семей ядролық сынақ полигоны тақырыбындағы көркем шығармалардағы ұлттық мүдде және адам-қоғам-табиғат ұштағандық концепциясының берілу жолдарын тұтас ғылыми жүйеде қарастыруы айғақтайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда қарастырылған мәселелер өзекті. Семей қасіреті тақырыбындағы поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалардағы ұлттық мүдде және адамзат санасындағы өзгерістерді, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойларды жаңаша пайымдау диссертацияның өзектілігін айқындайды.

<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды</u>;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны тақырыпты толық айқындайды. Ғылыми жұмыста көтерілген мәселелер: Семей қасіретінің қазақ әдебиетіндегі тақырыптық-жанрлық ерекшеліктері, көркемдік сипаты, Семей қасіреті туралы жазылған көркем шығармалардағы адам мен табиғат концепциясы логикалық және дәйекті түрде зерттеудің екі тарауында ашылады.</p>
<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертациятақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеті тақырыбына сәйкес келеді. Жұмыс айқын көрініс тапқан мақсат пен міндеттерден туындайтын қабылданған теориялық принциптерді ескере отырып құрылымдалған. Белгіленген міндеттер мақсатқа жету тәртібін ашады.</p>
<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен бөлімдері толығымен өзара байланысты. Зерттеудің барысында алынған нәтижелер ішкі бірлікпен және логикалық дәйектілікпен сипатталады. Алынған нәтижелердің анықтығы, ішкі бірлігі зерттеушінің ұстанымын дәлелдеумен, талдауға дәйекті тәсілдерді таңдаумен, жұмыстың толықтығы мен тұтастығымен қамтамасыз етіледі.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеуде сыни талдау бар. Автор тарапынан ұсынылған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа. Гульмира Мусинованың диссертациясы жеткілікті түрде зерттелмеген немесе мүлдем зерттелмеген бірқатар мәселелерді шешеді. Алынған жұмыс нәтижесі толығымен жаңа болып табылады.</p>
	5.2	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) <u>толығымен жаңа;</u>  2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының қорытынды бөлігінде ұсынылған диссертация қорытындыларының жаңашылдығы күмән тудырмайды. Диссертацияның барлық негізгі қорытындыларының жаңалығы – олардың диссертация тақырыбымен, оның мақсаты мен міндеттерімен, қорғауға шығарылатын мазмұны мен ережелерімен толық арақатынасымен негізделеді.</p>
	5.3	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа;  2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Технологиялық шешімдері жартылай жаңа және негізделген. Шешімдерінің негізделуі 75% үлесте жаңа болып табылады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Муסיнова Гульмираның диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдар нақты мәтіндік талдау, әдебиеттануда орныққан теориялық қисындар негізінде қарастырылып, зерттеуге қатысты ғалымдар тарапынан әр кезеңде айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидаат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидаат дәлелденді ме?  1) <u>дәлелденді</u>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) <u>ия</u>;  2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?  1) <u>ия</u>;  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>ия</u>;  2) жоқ</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары ғылыми теориялық конференция материалдарында және ғылыми басылымдарда жарияланған.</p> <p>Бірінші қағидаат дәлелденді. Өйткені Семей полигонына қатысты мұрағат деректері қарастырылып, әдеби шығармалардағы мәліметтермен салыстырылған.</p> <p>Екінші қағидаат дәлелденді. Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигоны тақырыбының көрінісі талданған.</p> <p>Үшінші қағидаат дәлелденді. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Семей ядролық полигоны туралы жарық көрген туындылар Семей қасіреті тақырыбымен топтастырылып, жанрлық тұрғыдан зерттелген</p> <p>Төртінші қағидаат дәлелденді. Семей қасіреті тақырыбындағы әдеби шығармаларға интерпретациялық талдау жасалып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен көркемдік шешімі айқындалған.</p> <p>Бесінші қағидаат дәлелденді. Ядролық сынақ зардабының адам – қоғам – табиғат ұштағандық концепциясы негізінде көркемдік ерекшеліктері дәйектелген.</p> <p>Алтыншы қағидаат дәлелденді. Себебі, поэзиялық туындылардағы Семей қасіреті көрінісіне, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына кешенді ғылыми-теориялық</p>

талдау жасалған.

Жетінші қағидат дәлелденді. Семей қасіреті тақырыбындағы прозалық шығармалардағы ұлттық мүдде және адамзат санасындағы өзгерістер, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойлар жаңаша пайымдалған.

7.2 Бірінші қағидат тривиалды емес, өйткені ол әдебиеттану ғылымының жетістіктерін кеңейтеді және тереңдетеді. Екінші қағидат та тривиалды емес, өйткені қазақ публицистикасындағы Семей ядролық полигоны тақырыбының көрінісі зерделенген.

Үшінші қағидат тривиалды емес, өйткені Семей ядролық полигоны туралы жарық көрген туындылар Семей қасіреті тақырыбымен топтастырылып, жанрлық тұрғыдан сараланған.

Төртінші қағидат тривиалды емес, себебі Семей қасіреті тақырыбындағы әдеби шығармаларға интерпретациялық талдау жасалған.

Бесінші қағидат ядролық сынақ зардабының адам – қоғам – табиғат ұштағандық концепциясы негізінде көркемдікпен бейнеленуі зерделеуіне байланысты тривиалды емес.

Алтыншы қағидат поэзиялық туындылардағы Семей қасіреті көрінісіне, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына кешенді ғылыми-теориялық талдау жасау негізінде тривиалды емес деп есептеледі.

7.3 Бірінші қағидат жаңа, өйткені көркем әдебиеттегі Семей полигоны тақырыбы барынша кең де тыңғылықты зерттелген. Екінші қағидат та жаңа, Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигоны тақырыбының көрінісі алғаш рет ғылыми тұрғыда зерделенген. Үшінші қағидат жаңа, өйткені қазіргі қазақ әдебиетіндегі Семей ядролық полигоны туралы жарық көрген туындылар бірінші рет Семей қасіреті тақырыбымен

топтастырылып, жанрлық жзағынан сараланып, ғылыми тұрғыда талданған.

Алтыншы қағидат жаңа, себебі поэзиялық туындылардағы Семей қасіреті көрінісіне, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына кешенді ғылыми-теориялық талдау жасалған.

Жетінші қағидат жаңа, өйткені Семей қасіреті тақырыбындағы прозалық шығармалардағы ұлттық мүдде және адамзат санасындағы өзгерістер, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойлар жаңаша пайымдалған.

7.4 Көрсетілген барлық қағидаттардың қолдану деңгейі жоғары. Сондықтан тәжірибелік қолдану тұрғысынан көрсетілген мәселелердің аясы кең. Алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының әдебиет пәні бойынша қазіргі қазақ әдебиеті курстарында, өлең теориясы мен практикасы, қазіргі қазақ прозасы пәндерін оқыту барысында қолдана алады

7.5 Бірінші қағидат келесі мақалаларда дәлелденген: Семей сынақ полигоны тарихи шындық пен деректер ("ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY" Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің ғылыми еңбектерінің халықаралық жинағы. – 2022. – №16.); Семей-Невада: актуальные проблемы и пути их решения (Монография. МЦНП «Новая наука». Петрозаводск. – 2020); Екінші қағидат Issues in teaching the human and ecology concept (Cypriot Journal of Educational Science. – 2022. – Vol. 17, Issue 10. – P. 3625-3637.), Үшінші қағидат Р. Нұрғалидың «Дегелең дерті» прозалық шығармаларындағы өмір шындығы (Қазақстанның Ғылымы мен өмірі. – 2020. – №3/2.); Рамазан Тоқтаровтың «Полигон» романындағы өмір шындығы ( «Мұхтар Әуезов шығармашылығы ХХІ ғасыр ғылымы кеңістігінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

			<p>материалдар жинағы. Бөрілі. – 2022); Төртінші қағидат Қазақ поэзиясындағы Семей полигонының көрінісі (Ұ. Есдәулет, Т. Әбдікәкімов, Б. Жақып өлеңдері негізінде) (Л. Гумилев атындағы Еуразиялық университеті хабаршысы. – 2021. – №4.); Драмалық шығармалардағы Семей қасіретінің көрінісі (Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2022. – №3) мақаласында дәлелденген.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1. Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зерттеулермен дәлелденген және зерттеулермен (педагогикалық ғылымдар бойынша) дәйектілік бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия;</p>	<p>Әдіснаманы тандаудың негіздемесі және оның сипаттамасы бірінші тарауда, жұмыс барысында тұжырымдамалық сипаттамаларды көрсетуде жеткілікті түрде толық ұсынылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерін өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынған.</p> <p>Диссертацияда теориялық қорытындылар жасауға А. Байтұрысынов, Е. Ысмайлов, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, З. Қабдолов, Б. Майтанов, С. Қирабаев, Р. Нұрғали, Ж. Дәдебаев, А. Еспенбетов, Т. Тебегенов, С. Айтұғанова, А. Рамазанова, Ж. Жарылғаповтар, т.б. ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне сәйкес дәлелденген.</p>	

		2) жоқ	
		8.4. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған /расталмаған	Зерттеуші диссертациясының маңызды тұжырымдары көкейкесті ғылыми әдістемелік әдебиеттерге жасаған сілтемелермен расталған.
		8.5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеуде 143 әдебиетке шолу жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысында қазақ әдебиетіндегі Семей сынақ полигоны туралы көркем шығармалар алғаш рет жүйелі түрде қарастырылып, жанрлық - көркемдік тұрғыда талданады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда алынған нәтижелерді практикада қолдану маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу материалдары мен нәтижелерін оқу орындарында қазіргі қазақ әдебиеті курстарында, өлең теориясы мен практикасы, қазіргі қазақ прозасы пәндері сияқты дәріс курстары мен элективті пәндерді жүргізуге пайдалануға болады.

	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады)</u> ; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u>	Зерттеу жұмысындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ; 3) <u>орташадан төмен</u> ; 4) <u>төмен</u> .	Академиялық жазу сапасы жоғары. Автордың тілдік мәдениеті жоғары деңгейде. Бұл – зерттеушінің жазу стилінің айқындылығынан, жүйелілігінен, тұжырымдарының дәлелділігінен анық көрінеді. Диссертациялық жұмыстың сапасы 6D020500 - «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді.

Муסיнова Гульмира Султангазыевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертациясы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Муסיнова Гульмира Султангазыевнаның 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептейміз.

**Ресми рецензент:**

**Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университеті «К е АҚ»**  
**қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының профессоры,**  
**филология ғылымдарының кандидаты**



**Тоқсамбаева Айман Омаркановна**

«14» 03 2023 ж.

Қолпым растаймын  
Персоналды басқару және ҚАБ басшысы

« 24» наурыз 2023 жыл.